

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Кім жылдам?» эстафеталық жарыс

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.06.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/156927/

Мақсаты мен міндеттері:

Бір ортақ мақсатқа жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Салауатты өмір салтын насихаттауға және спортпен шұғылданып тұруға шақыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу.

- балалардың дене шынықтыру және спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.
- өзге замандастарымен үзеңгі қағыстырып, шыңдалу арқылы тәжірибе жинау.
- балалардың оқудан бөлек қосалқы демалыс уақытын ұйымдастыру;

Қажетті құралдар: шығыршық (обруч), доп, кегли, асық, ысқырық, орындықтар, шыбық, теңге салынған қап, түрлі түсті шарлар, кірпіш макеті.

Жүру барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер, кішкентай бүлдіршіндер, бүгінгі қауымдастық құрамындағы үш бөбекжайдың тәрбиеленушілері арасында 25 қазан-Республика күніне орай ұйымдастырылып отырған «Кім жылдам?» сайысына қош келдіңіздер!

Здравствуйте, уважаемые коллеги, детвора, добро пожаловать на конкурс «Кто самый быстрый?» посвященному празднику 25 октября – Дню Республики.

Мемлекеттік ән ұран орындалады

Приглашаем в зал участников конкурса.

Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,

Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға,
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

«Сұңқар» командасы.

«Тұлпар» командасы.

«Лидер» командасы.

Жүргізуші: Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық:

Прежде чем начать конкурс, представим судейскую коллегию, которая объективно оценит наш конкурс:

Конкурс состоит из 8 этапов:

Сайыс 8 бөлімнен тұрады:

1-кезең: «Таныстыру» топтың аты мен ұраны.

2-кезең: « Жүйрік паровоз»

Қажетті құрал-жабдық: кегли.

Ойын шарты: Әр топтың жетекшісі кедергілер арасынан жүгіріп мәреге барып, қайта қайтып келіп, өзімен бірге бір-бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз аталады.

Ход игры: Педагог каждой команды пробегает препятствия к финишу и возвращается обратно, взяв с собой по одному ребенку, образуя таким образом вагонов. Команда которая быстрее всех соберет в вагон детей, та команда выигрывает.

3-кезең: «Теңге алу»

Қажетті құрал-жабдық: шыбық (ат болады), теңге салынған қапшық.

Ойын шарты: Белгі бойынша бірінші ойыншы қолындағы шыбыққа серіріп мініп, 5-8 м қашықтықта шашылып жатқан қапшықтағы теңгені іліп алып, қайта оралады, командасындағы келесі ойыншыға шыбықты беріп, команданың артыңғы жағына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.

Ход игры: По сигналу первый игрок скачет на лошади добегают до мешка с

монетками, и берет мешок с монетками и возвращается в команду, передавая лошадку второму игроку, и т.д. Побеждает команда которая быстрее всех собирает монетки.

Жүргізуші: Келесі кезеңге дейін балалар демалып алсын, оған дейін гимнастик қыздарымыздың жаттығуларын тамашалаңыздар!

4-кезең: «Кім жылдам?»

Қажетті құрал-жабдық: шығыршық (обруч)

Ойын шарты: Әр команда бір қатарға қол ұстасып тұрып, шығыршықты команда капитанынан бастап, қолдарын жібермей шығыршықты денесінен өткізіп, келесі ойыншыға жалғастыру. Қай команда ойыншылары шығыршықты тез өткізсе сол команда жеңіске жетеді.

Ход игры: Каждая команда встает в ряд, взявшись за руки, начиная с капитана команды, пропуская обруч через тело, не отпуская рук, передавая его следующему игроку. Побеждает та команда, игроки которой быстрее всех пройдут обруч.

5-кезең «Судан өту»

Қажетті құрал-жабдық: кірпіш тас макеті, кедергілер

Ойын шарты: Қолдарындағы «тастарды» қойып, солардың үстімен бір-бірден көлдің келесі жағына өтеді, команданың басқа ойыншылары толық көлден өткенше күтеді. Қай команда бірінші көлдің екінші жағасына жетсе сол команда жеңімпаз. (әр баланың қолында 2 тастан болу)

Ход игры: Первый игрок берет «камни» в руки и переходит по ним один за другим на следующий берег озера, ожидая, пока все другие игроки команды пересекут озеро. Команда, которая достигнет другого берега первыми становится победителем. (у каждого ребенка по 2 камня)

6-кезең: «Асық ату»

Қажетті құрал-жабдық: асық

Ойын шарты: Белгілі мәреде шеңбер ішінде асықтар қойылған. Қай команда асықты атып, шеңберден шығарса, сол команда көп ұпай жинап, жеңеді.

Ход игры: На обозначенном финише в круге расставляются асыки. Команда которая больше выбьет асыков, та команда выигрывает.

Жүргізуші: Келесі кезеңге дейін балалар демалып алсын, оған дейін ән шашу тамашалаңыздар!

7-кезең: «Капитандар сайысы»

Қажетті құрал-жабдық: түрлі түсті доптар, орындық

Ойын шарты: Орындықтарда түрлі түсті шарлар бар, капитандардың міндеті – шарларды ретімен орналасатындай етіп, түстеріне қарай орналастыру.

Ход игры: На стульчиках лежат мячики разных цветов, задача капитанов разложить шарики по цветам, чтобы они были расположены один за другим по порядку в ряд.

8-кезең: Жетекшілер арасында өз командасының намысын қорғау үшін жарысады **«арқанның секіру»**

Ойын шарты: арқанның екі жағынан екі ойыншы айналдырып тұрады ортада бір ойыншы шатаспай секіреді . (10 рет)

Педагоги соревнуются за защиту чести своей команды «Скакалкой»

Условия игры: два игрока вращаются с обеих сторон скакалки, один игрок посередине прыгает, не запутываясь. (10 раз)

Құрметті әріптестер мен балалар, жанкүйерлер! Бүгінгі эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды.

Уважаемые коллеги и детвора, болельщики! Вот и подошла к концу сегодняшняя эстафета.

Жүргізуші: Әділ қазылар әділ баға шығарғанға дейін «Спорт» әнімен флешмоб биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші:

Со спортом нужно подружиться.
Всем тем, кто с ним еще не дружен.
Поможет вам он всем взбодриться.
Он для здоровья очень нужен.

Ни для кого секрета нету,
Что может дать всем людям спорт.
Поможет всем он на планете
Добиться сказочных высот.

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады.

Демекші, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды марапаттауға әділқазыларымыз алқасына сөз кезегін берейік.

Жүргізуші: Балалар жеңістерін құтты болсын ! Поздравляем всех победителей! Осымен «**Кім жылдам**» атты спорттық ойын-сауығымыз бітті. Басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын! Мереке құтты болсын!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.